



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

- 6B01201- Мектепке дейінгі білім беру

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ	Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі білім беруді жаңғырту жағдайында, мектепке дейінгі білім беру сатысы үшін кәсіби іс-әрекетін жүзеге асыруға қабілетті, еңбек нарығында сұранысқа ие, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың заманауи инновациялық технологияларын меңгерген педагог-тәрбиешілерді дайындау.
КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ АЙМАҒЫ	<ul style="list-style-type: none">- білім беру;- тәрбиелік;- әдістемелік;- зерттеушілік;- әлеуметтік - коммуникативтік.

ОҚЫТУДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

- ОН 1** - кәсіби сөйлеу мәдениетінің негіздерін іс-жүзінде қолданады, ауызша және жазбаша сөйлеуді қисынды, дәлелді және анық құруға қабілетті;
- ОН 2** - ақпаратты алу, сақтау, өңдеудің негізгі әдістері, тәсілдері мен құралдары туралы білімді тәжірибеде қолдана алады, жаһандық компьютер желісінде ақпараттарды басқару құралы ретінде компьютермен істеуге қабілетті;
- ОН 3** - қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі бағыттарын жүзеге асыруға ықпал ететін Қазақстанның қазіргі заман тарихы, философия, қолданбалы экономика, заң, жаратылыстану-ғылыми пәндер жайлы өзекті білімдерін көрсете алады;
- ОН 4** - бейімделу резервтерін ұйымдастыруды және денсаулықты нығайтуды көтеру үшін дене тәрбиесі мен өзін-өзі тәрбиелеу құралдарын қолданады;
- ОН 5** - мектепке дейінгі және бастауыш білім берудегі оқытудың сабақтастығы мен кіріктіру ұстанымдарын ескере отырып оқу сабақтарын жоспарлайды;
- ОН 6** - мектепке дейінгі ерте және мектеп жасындағы балалардың даму деңгейін диагностикалайды, негативті құбылыстарды болдырмау үшін алдын - алу жұмыстарын жүргізеді;
- ОН 7** - жоғары әлеуметтік құндылықтарға, гуманистік педагогика идеяларына бейілділік танытады;
- ОН 8** - позитивті және конструктивті тұлғааралық қарым-қатынасты, педагогикалық үрдістің барлық субъектілерімен қарым-қатынасты ұйымдастыруға, басқарушылық шешімдер қабылдауға қабілетті;
- ОН 9** - әлеуметтік, жасерекшілік, психофизикалық және жеке ерекшеліктерді, оның ішінде балалардың ерекше білім алу қажеттіліктерін ескере отырып, оқытуды, тәрбиелеуді және дамытуды жүзеге асырады;
- ОН 10** - мектеп жасына дейінгі балалардың өзіндік, танымдық, шығармашылық іс-әрекеті үшін қауіпсіз дамыту ортасын құрады;
- ОН 11** - ұлттық білім жүйесінің өзекті міндеттеріне сәйкес оқу үрдісін оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологияларын қолдану арқылы құрылымдай алады;
- ОН 12** - мектепке дейінгі білім беру мәселелері бойынша ғылыми - зерттеу және жобалау іс- әрекетін жүзеге асырады